

«Жасыл даму» АҚ
Басқармасының 2024
жылғы 14 қарашадағы (№
11/2024–52 хаттама)
шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің және оның (олардың) қаптамасының
тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды
жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, қайта өңдеуді,
залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы
ҮЛГІЛІК ШАРТ**

Астана қ.

«___» _____ 2024 жыл

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы болып табылатын «Жасыл даму» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Оператор), _____ атынан, _____ негізінде әрекет ететін, бір жағынан, және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен, төменде көрсетілген тізбеге сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – Өндіруші (импорттаушы), екінші жағынан,

бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын, немесе жеке-жеке жоғарыда көрсетілгендей Тарап, мыналарды басшылыққа ала отырып:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабы;

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 389-бабы 1-тармағының 16) тармақшасымен, 392-бабының 1-тармағы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларын (бұдан әрі - Қағидалар);

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін және (немесе) жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағына әкелетін, олар бойынша осындай өнімдердің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз ететін өнімдердің (тауарлардың) жекелеген түрлерінің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе);

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен кәдеге жарату төлемін есептеу әдістемесін (бұдан әрі – Әдістеме)

өндірушілердің (дың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы осы Үлгілік шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. Негізгі ұғымдар мен қысқартулар

1.1. Қолданылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1. «Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері», «Өндірушілер (импорттаушылар)», «кәдеге жарату төлемі», «кәдеге жарату төлемінің енгізілгені туралы сертификат» ұғымдары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мағыналарда пайдаланылады;

2. ААЖ - Операторға тиесілі және Өндірушілер (импорттаушылар) мен Оператордың кеңейтілген міндеттемелерді орындауына арналған app.recycle.kz. «Кәдеге жарату төлемдерінің түсімдерін есепке алу» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

3. КЖТС –кәдеге жарату төлемінің енгізілгені туралы сертификат;

4. өнім – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнім (тауарлар) және оның (олардың) қаптамасы;

5. Жеке кабинет – ААЖ-нің дербес және үшінші тұлғаларға қолжетімсіз бөлімі, ол Өтінімдерді және өзге де өтінімдерді ресімдеуге, Төлемге шоттарды алуға және КЖТЕС беруге, сондай-ақ ҚР заңнамасының, Оператордың ішкі актілерінің және Шарттың талаптарына сәйкес Өтінімдерді қарау және өңдеу мәртебесі туралы арнайы ақпарат алуға арналған, оған қол жеткізу ААЖ-да тіркелгеннен кейін Өндірушінің (импорттаушының) аутентификациялық деректерін енгізу арқылы жүзеге асырылады;

6. Өтінім – Өндіруші (импорттаушы) кәдеге жарату төлемін енгізу және кеңейтілген міндеттемелерді орындау мақсатында Қағидаларда белгіленген тәртіппен, Шарттың № 1 және № 2 қосымшаларында көзделген нысандарға сәйкес Оператордың атына жіберетін өтінімі;

7. Төлем шоты – Оператор өндірушілерге (импорттаушыларға) белгіленген тәртіппен беретін құжаты.

2. Шарттың мәні

2.1. Өндіруші (импорттаушы) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Оператордың ішкі актілерінде және Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде Оператордың банктік шотына кәдеге жарату төлемін енгізуге міндеттенеді, ал Оператор өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру мақсатында кәдеге жарату төлемін қабылдауға және оның банктік шотына Өндірушілерден (импорттаушылардан) түскен ақшаны Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 388-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында және Оператордың ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен жіберуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2.2. Өндірушілер (импорттаушылар) кәдеге жарату төлемін Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында Оператордың банктік шотына Төлем шотында көрсетілген мөлшерде енгізеді. Оператордың өзекті банктік шот(тар)ы туралы ақпарат Оператордың корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылады.

2.3. ААЖ пайдалану шарттары Шарттың № 3 қосымшасында көрсетілген.

3. Кәдеге жарату төлемдерін енгізу, төлем шотын беру және күшін жою, кәдеге жарату төлемінің енгізілгені туралы сертификатты беру, түзету және күшін жою тәртібі

3.1. Тараптар Шарт жасасқаннан кейін өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау Қағидаларда көзделген рәсімдерді қамтиды.

3.2. Кәдеге жарату төлемін есептеуді Оператор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Өтінімнің/уәкілетті мемлекеттік органдардан алынған мәліметтердің негізінде Тізбеге сәйкес өнімнің әрбір атауы бойынша Өдістемеге сәйкес жүзеге асырады.

3.3. Өндіруші (импорттаушы) құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда (Қағидаларда көзделген құжаттардың көшірмелерін ішінара немесе толық ұсынбау; Өндірушінің (импорттаушының) өтініміне сәйкес келмейтін құжаттардың көшірмелерін ұсыну; құжаттардың көшірмелерінде көрсетілген деректердің сәйкес келмеуі; оқылмайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну және т.б.) Оператор Өтінімді кері қайтаруға құқылы.

3.4. Оператор кәдеге жарату төлемін мәжбүрлеп өндіріп алған жағдайда, Өндірушінің (импорттаушының) кәдеге жарату төлемін енгізуі үшін мыналар негіз болып табылады:

3.4.1. Оператордың хабарламасы;

3.4.2. Медиация тәртібімен дауды реттеу туралы келісім немесе бітімгершілік келісімі;

3.4.3. Атқарушылық құжаттар.

3.5. Оператор тиісті түрде ресімделген өтінім келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Өндірушінің (импорттаушының) кәдеге жарату төлемін енгізуі үшін негіз болып табылатын Төлем шотын береді. Төлем шоты Өндірушіге (импорттаушыға) жеке кабинетінде қолжетімді болады. Тиісінше ресімделген Өтінім қағаз жеткізгіште берілген жағдайда, Төлем шот Өндірушіге (импорттаушыға) ұқсас тәсілмен жіберіледі.

3.6. Берілген Төлем шоттың күшін жою Өндірушінің (импорттаушының) бастамасы бойынша мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

3.6.1. растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда Өтінімде көрсетілген деректер өзгерген кезде;

3.6.2. өтінімді дұрыс толтырмаған жағдайда (жіберілген қателер).

3.7. Төлем шоттың күшін жою туралы өтінімдерді Оператор олар Операторға келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды. Төлем шоттың күшін жою туралы өтінімді қарау нәтижелері бойынша мыналар мүмкін:

- Төлем шоттың күшін жою;

- Төлем шоттың күшін жою туралы өтінімді қабылдамау.

Төлем шоттың күшін жою туралы өтінімді қарау мәртебесі туралы ақпарат Өндірушіге (импорттаушыға) жеке кабинетінде қолжетімді болады.

3.8. Оператор Төлем шотты қате бергені анықталған жағдайда, Оператор анықтаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, Өндірушіге (импорттаушыға) міндетті түрде хабардар ете отырып және өтінімді кері қайтара отырып, Оператордың бастамасы бойынша берілген Төлем шоттың күші жойылады. Төлем шоттың күші жойылған жағдайда, өтінім КЖТС берілгенге дейін кері қайтарылады.

3.9. Төлем шотты алғаннан кейін Өндіруші (импорттаушы) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне немесе төлемдерді қабылдауды жүзеге асыратын ұйымдарға кәдеге жарату төлемін төлеу үшін жүгінуге құқылы.

3.10. Оператор Өндіруші (импорттаушы) Оператор берген Төлем шотқа сәйкес кәдеге жарату төлемін толық көлемде төлеген және Оператордың өзекті банктік шоты(тар)ына түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей КЖТС береді, ол Өндірушіге (импорттаушыға) жеке кабинетінде қолжетімді болады.

3.11. Оператор Өндіруші (импорттаушы) хабарлама, атқарушылық жазба, сот шешімі, медиациялық (бітімгершілік) келісім бойынша кәдеге жарату төлемін толық көлемде төлеген күннен бастап және Оператордың өзекті банк шоттарына түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде КЖТС береді, ол Өндірушіге (импорттаушыға) жеке кабинетінде қолжетімді болады.

3.12. Өндірушінің (импорттаушының) кеңейтілген міндеттемелері кәдеге жарату төлемі Оператордың өзекті банк шоттарына толық көлемде түскен және Оператор КЖТС берген күннен бастап орындалды деп есептеледі.

3.13. Берілген КЖТС-ке түзету енгізу:

3.13.1. Өндірушінің (импорттаушының) бастамасы бойынша КЖТС-те көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, растайтын құжаттарды ұсынған және кәдеге жарату төлемінің жетіспейтін сомасын енгізген (қажет болған жағдайда) кезде;

3.13.2. енгізілген кәдеге жарату төлемінің сомасы, өнім деректері және КЖТС-тегі өзге де мәліметтер сәйкес келмегені анықталған жағдайда, Оператордың бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

3.14. Берілген КЖТС-тің күшін жою:

3.14.1. Өндірушінің (импорттаушының) бастамасы бойынша мынадай жағдайларда :

1) Өндірушілер (импорттаушылар) кәдеге жарату төлемі енгізілген, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімді (тауарларды), оның ішінде қаптамадағы өнімді (тауарларды) Қазақстан Республикасының шегінен тыс өз бетінше өткізген (әкеткен) кезде;

2) кәдеге жарату төлемін енгізу арқылы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындаған кәсіпкерлік субъектісі қаптама қалдықтарын (ақау, қиындылар, қаптамадағы өнімнің (тауарлардың) жарамдылық мерзімінің өтуі) қалдықтарды қалпына келтіру немесе кәдеге жарату жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғаларға иелікке беру арқылы өз бетінше кәдеге жаратқан кезде;

3) растайтын құжаттарды ұсынған кезде өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының сәйкестендіру нөмірінің 2 (екі) таңбасынан астамы өзгерген кезде.

3.14.2. Оператордың бастамасы бойынша мынадай жағдайларда:

- 1) кәдеге жарату төлемі болмаған немесе толық енгізілмеген кезде;
- 2) сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Оператор міндетті:

4.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасының, Оператордың ішкі актілерінің және Шарттың талаптарына сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін тиісінше орындауға;

4.1.2. Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді іске асыру кезінде Өндірушілер (импорттаушылар) үшін тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

4.1.3. Оператордың жұмыс уақытында ААЖ-ның тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

4.1.4. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және Оператордың дербес деректерді өңдеуді және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша қолданылатын ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен Өндірушінің (импорттаушының) дербес деректерін өңдеуге;

4.1.5. Өтінімді және Өндірушінің (импорттаушының) қоса берілген құжаттары бар өзге де өтінімдерін белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауға;

4.1.6. Өндірушінің (импорттаушының) Өтінімі және қоса берілген құжаттары белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, кәдеге жарату төлемінің мөлшерін есептеуге және төлем шотын беруге;

4.1.7. Өндіруші (импорттаушы) кәдеге жарату төлемін енгізу жөніндегі міндеттемелерді тиісінше орындаған жағдайда кәдеге жарату төлемін қабылдауға және белгіленген тәртіппен КЖТС беруге;

4.1.8. Өндірушінің (импорттаушының) қоса берілген растаушы құжаттары бар өтінімі негізінде артық төленген сомаларды белгіленген тәртіппен қайтаруды және (немесе) алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызуды жүзеге асыруға;

4.1.9. ААЖ-да Өндірушінің (импорттаушының) жеке кабинетіне рұқсатсыз қол жеткізу әрекеттерінің алдын алуға;

4.1.10. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Оператордың ішкі актілеріне және Шартқа сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға.

4.2. Оператор құқылы:

4.2.1. Белгіленген тәртіппен кәдеге жарату төлемін жинауды жүзеге асыруға;

4.2.2. Өндірушіден (импорттаушыдан) тиісінше ресімделген құжаттарды ұсынуды талап етуге;

4.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Оператордың ішкі актілерінде және Шартта көзделген жағдайларда Төлем шотын беруден, кәдеге жарату төлемін қабылдаудан, КЖТС беруден, артық төленген сомаларды қайтарудан және (немесе) алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызудан бас тартуға;

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Оператордың ішкі актілерінде және Шартта көзделген тәртіппен берілген Төлем шоттарының күшін жоюды, КЖТС-ке түзетулер енгізуді және оның күшін жоюды жүзеге асыруға;

4.2.5. Шарттың және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамаған Өндірушіден (импорттаушыдан) кәдеге жарату төлемін, тұрақсыздық айыбын, сондай-ақ берешекті өндіріп алу кезінде Оператордың толық көлемдегі шығындарын, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, атқарушылық жазбаға, сот шығындарына (мемлекеттік баж және өкілдік шығындары) байланысты шығындарды мәжбүрлеп өндіріп алуға;

4.2.6. Өндірушінің (импорттаушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Оператордың ішкі актілерінің (кәдеге жарату төлемдерін енгізуге қатысты бөлігінде) және Шарттың талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыруға;

4.2.7. Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге, оны мына мекенжай бойынша корпоративтік интернет-ресурсында орналастыра отырып: <https://recycle.kz/ru/utilizacionnyy>;

4.2.8. Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін (міндеттемедегі тұлғалардың ауысуын) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен беруге;

4.2.9. Өндірушіге (импорттаушыға) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындауға қатысты ақпаратпен хабарламаларды (хабарландыруларды, хабарларды, таратылымдарды және т.б.) электрондық пошта, SMS, мессенджерлер (WhatsApp, Telegram және т.б.) арқылы не мемлекеттік органдар ұсынатын мәліметтерде немесе ашық интернет-көздерде көрсетілген мекенжайға жіберуге;

4.2.10. Өндірушілер (импорттаушылар) кеңейтілген міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайларда, үшінші тұлғаларды тарту мүмкіндігімен кінәрат-талап жұмысын жүргізу, атқарушылық жазба жасауға өтінім білдіру, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен кәдеге жарату төлемдерін өндіріп алуға;

4.2.11. Оператордың Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес өзге де құқықтары бар.

4.3. Өндіруші (импорттаушы) міндетті:

4.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасының, Оператордың ішкі актілерінің (кәдеге жарату төлемдерін енгізуге қатысты бөлігінде) және Шарттың талаптарына сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін тиісті түрде орындауға;

4.3.2. ААЖ-да тіркелуге, жеке кабинеті арқылы қажетті дұрыс мәліметтерді уақтылы және толық көлемде енгізуге, Өтінімдер мен өзге де өтінімдерді қарау және өңдеу мәртебесін қадағалауға;

4.3.3. Өтінімде және өзге де өтінімдерде, сондай-ақ оларға қоса берілген құжаттарда көрсетілген деректердің толықтығы мен дұрыстығын растауға және қамтамасыз етуге;

4.3.4. Тізбеге сәйкес өнімге қатысты кәдеге жарату төлемін Оператордың өзекті банк шоттарына толық мөлшерде, Қазақстан Республикасының

заңнамасында, Оператордың ішкі актілерінде (кәдеге жарату төлемдерін енгізуге қатысты бөлігінде) және Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде енгізуге;

4.3.5. Өнімді өткізу кезінде КЖТС-ті түпкілікті сатып алушыға беруді қамтамасыз етуге;

4.3.6. Тұрақсыздық айыбын төлеуге және Операторға кәдеге жарату төлемдері бойынша берешекті өндіріп алу кезінде Оператордың толық көлемдегі шығындарын, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, атқарушылық жазбаны жасауға байланысты шығындарды, сот шығындарын (мемлекеттік баж, өкілдік шығындары) және мәжбүрлеп өндіріп алуға байланысты өзге де шығындарды өтеуге;

4.3.7. Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан өз бетінше әкеткен жағдайда Операторға тиісті түрде хабарлауға және растаушы құжаттарды ұсынуға;

4.3.8. Оператордың талабы бойынша өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындауға байланысты тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынуға;

4.3.9. Оператордың корпоративтік интернет-ресурсында <https://recycle.kz/ru/utilizacionnyye> мекенжайы бойынша орналастырылған Шартқа енгізілген өзгерістермен және (немесе) толықтырулармен уақтылы танысуға;

4.3.10. Кәдеге жарату төлемін төлеу құқығын қоспағанда, Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаларға бермеуге;

4.3.11. Оператор кәдеге жарату төлемдеріне байланысты берешекті мәжбүрлеп өндіріп алған жағдайда міндеттемелерді тиісті түрде орындауға;

4.3.12. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Оператордың ішкі актілеріне (кәдеге жарату төлемдерін енгізуге қатысты бөлігінде) және Шартқа сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға.

4.4. Өндіруші (импорттаушы) құқылы:

4.4.1. Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді іске асыру үшін тең жағдайлардың қамтамасыз етілуін талап етуге;

4.4.2. дербес деректердің белгіленген тәртіппен тиісінше өңделуін талап етуге;

4.4.3. Операторға Қазақстан Республикасының заңнамасында, Оператордың ішкі актілерінде (кәдеге жарату төлемдерін енгізуге қатысты бөлігінде) және Шартта көзделген тәртіппен **төлем шотының** күшін жою туралы өтінімдермен жүгінуге;

4.4.4. Операторға Қазақстан Республикасының заңнамасында, Оператордың ішкі актілерінде (кәдеге жарату төлемдерін енгізуге қатысты бөлігінде) және Шартта көзделген тәртіппен КЖТС-ке түзету енгізу немесе оның күшін жою туралы өтінімдермен Операторға жүгінуге;

4.4.5. Операторға Қазақстан Республикасының заңнамасында, Оператордың ішкі актілерінде (кәдеге жарату төлемдерін енгізуге қатысты бөлігінде) және Шартта көзделген тәртіппен артық төленген сомаларды қайтару және (немесе) алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызу туралы өтінімдермен жүгінуге;

4.4.6. Міндеттемелер тиісті түрде орындалған жағдайда белгіленген тәртіппен Төлем шотын, КЖТС-ті ұсынуды талап етуге;

4.4.7. Оператор берген құжаттардың телнұсқаларын алу үшін Операторға жүгінуге;

4.4.8. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Оператордың ішкі актілеріне (кәдеге жарату төлемдерін енгізуге қатысты бөлігінде) және Шартқа сәйкес өзге де құқықтарға ие болуға.

5. Тараптардың жауапкершілігі мен кепілдіктері

5.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Оператордың ішкі актілерінде (кәдеге жарату төлемдерін енгізуге қатысты бөлігінде) және Шартта көзделген өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Өндіруші (импорттаушы) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген жауапкершілікті мойнына алады.

5.2. Оператордың банк шотына кәдеге жарату төлемін енгізу бойынша міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Оператор өндіріп алуға құқылы, ал Өндіруші (Импорттаушы) әрбір кешіктірілген күн үшін Оператор есептейтін, кәдеге жарату төлемін енгізу қажеттілігі туралы хабарламаны тіркеу күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінен бастап орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттеменің сомасына пайызбен есептелетін заңды тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

5.3. Өндіруші (импорттаушы) кәдеге жарату төлемін өз бетінше немесе оның атынан үшінші тұлға дұрыс емес деректермен немесе қате енгізілген деректермен енгізген жағдайда, Оператордың бұл кәдеге жарату төлемін нақты Өндірушінің (импорттаушының) кеңейтілген міндеттемелерін орындауы ретінде есепке жатқызу мүмкіндігінің болмайтындығының құқықтық салдарын мойындайды және қабылдайды.

5.4. Өндіруші (импорттаушы) мыналарды растайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасының, Оператордың ішкі актілерінің (кәдеге жарату төлемдерін енгізуге қатысты бөлігінде) және Шарттың ережелерімен толық танысқанын, сондай-ақ Оператормен жасалатын Шарттың мәнін және барлық шарттарын түсінетінін;

2) Оператормен жасалған Шартты жасасуға және орындауға қатысты өз іс-әрекеттерінің маңызын және құқықтық және өзге де салдарларын толық түсінетінін.

6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор)

6.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл Тарап барлық қолжетімді тәсілдермен алдын ала біле алмаған және болдырмай алмаған төтенше сипаттағы оқиғалар нәтижесінде туындаған еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажордың) салдарынан болса, мысалы, дүлей зілзалалар, саяси толқулар, әскери іс-қимылдар, мемлекеттік органдардың актілер шығаруы және міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін немесе орындауды мүмкін етпейтін сол сияқтылар.

6.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор) туындаған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақытқа шамалас кейінге шегеріледі.

6.3. Еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажордың) әрекетіне ұшыраған Өндіруші (импорттаушы) осындай жағдайлардың әрекеті басталғаны туралы Операторды 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде хабардар етуге және 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажордың) туындау фактісін растайтын құжаттар мен өзге де ақпаратты ұсынуға тиіс.

6.4. Еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажордың) әрекетіне ұшыраған Оператор осындай жағдайлардың әрекеті басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы тиісті хабарламаны корпоративтік интернет-ресурсында жариялауға тиіс. Оператордың Өндірушілерді (импорттаушыларды) еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажордың) әрекеті басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы қандай да бір өзге қосымша жазбаша хабардар етуі талап етілмейді.

6.5. Форс-мажорлық жағдайдың туындауы Тараптарды осындай жағдай туындағанға дейін пайда болған өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор) 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар осы Шартты орындаудың қолайлы баламалы тәсілдерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді.

7.Шарттың қолданылу мерзімі

7.1. Шарт Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 392-бабының 1-тармағына және осы Шарттың 7.2-тармағына сәйкес екі Тарап қол қойған кезден бастап күшіне енеді.

7.2. Шарт оған Оператор корпоративтік интернет-ресурсында орналастыру арқылы қол қойған, ал Өндіруші (импорттаушы) өнімді (тауарларды) әкелген немесе өндірген кезден бастап жасалды деп есептеледі және Тараптар ол бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданыста болады.

7.3. Осы Шарттың кез келген негіздер бойынша тоқтатылуы немесе бұзылуы Өндірушіні (импорттаушыны) оның шарттарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен және Шарттың қолданылу кезеңінде туындаған міндеттемелерді орындаудан, оның ішінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындаудан және осындай берешекті мәжбүрлеп өндіріп алуға байланысты Оператордың шығындарын өтеу бойынша берешекті өтеуден босатуға негіз болмайды.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

8.1. Тараптар өздерінің әрқайсысы парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды, бұл сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне және жәрдемдескені үшін төлемдерге, мақсаты Шартты орындауға байланысты формальдылықтарды жеңілдету, қандай да бір мәселелерді неғұрлым жылдам шешуді қамтамасыз ету болып табылатын төлемдерді жасауға тыйым салуды көздейді. Тараптар өз қызметінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

саласындағы заңнамасын және оның негізінде әзірленген, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған саясаттар мен рәсімдерді басшылыққа алады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар Тараптардың, олардың қызметкерлерінің немесе өкілдерінің қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін екінші Тараптың кез келген қызметкерлеріне, лауазымды тұлғаларына қандай да бір ақшаны немесе өзге де құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде төлемейтініне, төлеуді ұсынбайтынына және төлеуге рұқсат бермейтініне кепілдік беретін өздеріне байланысты барлық шараларды қабылдайды.

8.3. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың қызметкерлері немесе өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен пара беру/алу, коммерциялық сатып алу деп сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

8.4. Жоғарыда көрсетілген сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттер анықталған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдауға міндеттенеді.

9. Дауларды шешу

9.1. Міндеттемелерді орындауға байланысты даулар Тараптармен сотқа дейінгі тәртіппен, Оператордың хабарламаны (ескертүүлелерді, талаптарды) жолдауы арқылы шешіледі, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда – даулар Оператор орналасқан жердегі соттарда қаралады.

9.2. Шарт бойынша қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының материалдық және процестік құқығы болып табылады.

9.3. Шартпен реттелмеген барлық мәселелер қолданылатын құқыққа сәйкес шешілуге жатады.

10. Құпиялылық

10.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде Шартты іске асыру бойынша жұмысқа қатысты барлық құжаттар, ақпарат және есептер бойынша құпиялылық шарттарын сақтайды.

10.2. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімін алмай Шарттың мазмұнына қатысты ақпаратты немесе құпиялылық деп саналатын және Шарттың ережелерін іске асырумен байланысты өзге де ақпаратты ашуға құқылы емес, мынадай жағдайларды қоспағанда:

10.2.1. ақпарат сот талқылауы барысында пайдаланылған кезде;

10.2.2. ақпарат Шарт бойынша Тараптардың біріне қызмет көрсететін үшінші тұлғаларға берілген кезде, егер мұндай үшінші тұлға осы ақпараттың

құпиялылық шарттарын сақтау және оны тек Тараптар белгілеген мақсаттарда және Тараптар белгілеген мерзімге пайдалану міндеттемесін өз мойнына алса;

10.2.3. ақпарат Тараптардың бірінен қаржы қаражатын алатын банкке немесе өзге де қаржы ұйымына берілген кезде, егер мұндай банк немесе қаржы ұйымы осы ақпараттың құпиялылық шарттарын сақтау міндеттемесін өз мойнына алса;

10.2.4. ақпарат қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға, салық немесе Қазақстан Республикасының өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарына берілген кезде, олардың Өндірушінің (импорттаушының) кез келген банктік шоттарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс шетелдік банктерде ашылған банктік шоттарына қатысты кез келген ақпаратқа, оның ішінде банктік құпия болып табылатын кез келген ақпаратқа қол жеткізуі бар;

10.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда, оның ішінде Оператор өз міндеттемелерін орындау кезінде.

11. Өзге де шарттар

11.1. Шартпен реттелмеген Тараптардың өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

11.2. Шарт қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, олардың заңды күші бірдей, бір данадан әрбір Тарап үшін.

11.3. Оператор тарапынан атауының, заңды және (немесе) пошталық мекенжайларының, банктік және өзге де деректемелерінің өзгергені туралы хабарлама Оператордың корпоративтік интернет-ресурсында ақпарат орналастырылған сәттен бастап орындалды деп есептеледі. Осы Шартта көзделген жағдайларда Оператордың хабарламалары Өтінім және өзге де өтінімдер алынған тәсілмен жіберіледі.

11.4. Шарттың талаптарын Оператор өзгерте алады, бұл туралы Оператор өндірушілерді (импорттаушыларды) Оператордың корпоративтік интернет-ресурсында орналастыру арқылы хабардар етеді және егер ҚР заңнамасында және Шартта өзгеше белгіленбесе, оның орналастырылған сәтінен бастап құқықтық қатынастарға қолданылады.

11.5. Егер Шарт талаптары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмесе, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары басым болып танылады.

11.6. Шартты жасасу, не Өндірушінің (импорттаушының) Өтінімді жіберуі, не Шартқа сәйкес Операторға кәдеге жарату төлемін енгізу арқылы Өндіруші (импорттаушы) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Операторға дербес деректерді жинау және өңдеу құқығын беруге келісімін растайды.

12. Тараптардың заңды мекенжайлары, банк деректемелері және қолдары

Оператор

«Жасыл даму» АҚ
 Мекенжайы: Z05T9X8(пошталық
 индексі),
 Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
 Нұра ауданы, Қабанбай батыр
 даңғылы, 11/5 ғимараты, т.е.б 8
 БСН 040340008429
 Тел.: 8(7172) 79 65 99
 e-mail: kense@recycle.kz

Өндіруші (импорттаушы)

Атауы/А.Т.Ә. _____
 Заңды мекенжайы:
 Нақты мекенжайы (егер заңды
 мекенжайымен сәйкес келмесе) _
 БСН/ЖСН _____
 ЖСК _____
 Банкі «_____»
 е/ш _____
 тел.: _____
 e-mail: _____

**Басқарма Төрағасының
 орынбасары, Басқарма мүшесі**

_____ **М. Ж. Диканбаева**

_____/_____

Өндіруші (импорттаушы) туралы мәліметтер

БСН/ЖСН:

Қала:

Мекенжай:

Байланыс телефоны:

Өтінімнің жалпы сомасы:

Өндірілетін (импортталатын) өнім (тауарлар):

[illegible]

Осы өтінімге қол қою арқылы Өндіруші (импорттаушы) оған қол қоюға құқығы бар екенін, сондай-ақ кәдеге жарату төлемін есептеу үшін ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығын растайды және ол www.recycle.kz интернет-ресурсында орналастырылған өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері пайдаланатын өнімнің (тауарлардың) және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттерін ¹ жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ² ұйымдастыру туралы Үлгілік шартпен танысқанын, оның мазмұнын түсінгенін және оған толықтай келісетінін, сондай-ақ оның онда баяндалған шарттарда жасалғанын растайды.

Өндіруші (импорттаушы) өтінімнің мазмұнын толық тексерді және осы арқылы өзі ұсынған деректер мен құжаттар негізінде дұрыс толтырылғанын және оларға толық сәйкес келетінін куәландырады.

_____ (Өндірушінің (импорттаушының) атауы)
Құжатты тексеруге арналған деректер:

Құжатқа қол қоюды тексеру:

ЭЦҚ деректері:

Қол қойылған күні мен уақыты:

Өндірушілердің
(импорттаушылардың) кеңейтілген
міндеттемелері қолданылатын
өнімнің және оның (олардың)
қаптамасының тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайта пайдалануға
дайындауды, қайта өңдеуді,
залалсыздандыруды және (немесе)
кәдеге жаратуды ұйымдастыру
туралы
Үлгілік шартқа
№2 Қосымша

ӨТІНІМ

Өндіруші (импорттаушы) туралы мәліметтер

Өндіруші (импорттаушы):

БСН/ЖСН:

Қала:

Мекенжай:

Байланыс телефоны:

Өтінімнің жалпы сомасы:

Өндірілетін (импортталатын) өнім (тауарлар):

№	Көлем/ салмақ /қуатт ылық	VIN- код немесе нөмір	Шығарылғ ан жылы	Шығарылға н елі	Шығарылғ ан (импорттал ған) күні	Көлік құра лын ың сана ты	Өлшем

Осы өтінімге қол қою арқылы Өндіруші (импорттаушы) оған қол қоюға
құқығы бар екенін, сондай-ақ кәдеге жарату төлемін есептеу үшін ұсынылған
мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығын растайды және ол www.recycle.kz
интернет-ресурсында орналастырылған өндірушілердің
(импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, қайта өңдеуді,
залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды² ұйымдастыру туралы
Үлгілік шартпен танысқанын, оның мазмұнын түсінгенін және оған толықтай

келісетінін, сондай-ақ оның онда баяндалған шарттарда жасалғанын растайды.

Өндіруші (импорттаушы) өтінімнің мазмұнын толық тексерді және осы арқылы өзі ұсынған деректер мен құжаттар негізінде дұрыс толтырылғанын және оларға толық сәйкес келетінін куәландырады.

_____ (Өндірушінің (импорттаушының) атауы)
Құжатты тексеруге арналған деректер:

Құжатқа қол қоюды тексеру:

ЭЦҚ деректері:

Қол қойылған күні мен уақыты:

Өндірушілердің
(импорттаушылардың) кеңейтілген
міндеттемелері қолданылатын
өнімнің және оның (олардың)
қаптамасының тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан кейін
түзілетін қалдықтарды жинауды,
тасымалдауды, қайта пайдалануға
дайындауды, қайта өңдеуді,
залалсыздандыруды және (немесе)
кәдеге жаратуды ұйымдастыру
туралы
Үлгілік шартқа
№3 Қосымша

Автоматтандырылған ақпараттық жүйені пайдалану шарттары

ААЖ Өндірушіге (импорттаушыға) Өтінімді беру, кәдеге жарату төлемінің мөлшерін есептеу және КЖТЕС алу, сондай-ақ өзге де функционалдық мүмкіндіктерді ақысыз ұсынады.

ААЖ-да өтінімді тек тіркелген Өндіруші (импорттаушы) ресімдей алады, бұл ретте Өндіруші (импорттаушы) сайтта тек 1 (бір) рет қана тіркелуге құқылы, яғни тек бір ғана Жеке кабинеті болуы мүмкін. Оператордың ААЖ-ын пайдалана отырып, өндіруші (импорттаушы) ААЖ-ны пайдалану шарттарымен келіседі.

ААЖ-ны пайдалану шарттары ААЖ-да тіркелу кезінде қалқымалы терезеде көрсетіледі. ААЖ-да тіркелу кезінде, сондай-ақ оны одан әрі пайдалану кезінде өндіруші (импорттаушы) Операторға өзінің тіркеу деректерін (оның ішінде дербес деректерді), оларға мыналар кіреді, бірақ олармен шектелмейді: Т.А.Ә., телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, орналасқан жерінің мекенжайы және т.б.) ұсынады.

Оператор Өндірушінің (импорттаушының) тіркеу деректерін (оның ішінде дербес деректерді) жинауды, жазуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), шығаруды, пайдалануды, бұғаттауды, жоюды, құртуды жүзеге асырады. Оператор Өндірушінің (импорттаушының) ААЖ-да тіркелу кезінде ұсынатын мәліметтерінің (ақпаратының) дәлсіздігі мен қателігі үшін жауапты болмайды.

ААЖ-дағы Өндірушінің (импорттаушының) жеке басын сәйкестендіру электрондық цифрлық қолтаңба арқылы жүзеге асырылады. Өндірушінің (импорттаушының) жеке басын сәйкестендіру үшінші тұлғалардың Өндірушінің (импорттаушының) атынан рұқсатсыз әрекеттер жасауына жол бермеуге мүмкіндік береді.

Өндірушінің (импорттаушының) электрондық цифрлық қолтаңбаны үшінші тұлғаларға беруіне тыйым салынады. Электрондық цифрлық қолтаңбаны, сондай-ақ ААЖ-дағы жеке кабинеттің есептік деректерін үшінші тұлғаларға берген жағдайда, Өндіруші (импорттаушы) барлық ықтимал жағымсыз салдарлар үшін жауапты болады.

Өндірушінің (импорттаушының) кез келген үшінші тұлғалармен шарттар жасасуы, сондай-ақ Оператордың ААЖ-нан тыс төлем шотын алуы, КЖТЕС алуы Оператор үшін құқықтық салдар тудырмайды. Өндіруші (импорттаушы) мыналармен келісетінін растайды:

тіркеу деректерін (оның ішінде дербес деректерді) ол өз еркімен көрсетті;

тіркеу деректері (оның ішінде дербес деректер) «Интернет» желісінің ашық байланыс арналары арқылы электрондық нысанда беріледі;

тіркеу деректері (оның ішінде дербес деректер) Шартта көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін Операторға берілді және дәл осы мақсаттарда үшінші тұлғаларға белгіленген тәртіппен берілуі мүмкін (құқық қорғау органдарына, ҚР ЭГТРМ және т.б.);

тіркеу деректерін (оның ішінде дербес деректерді) Оператор Өндірушіге (импорттаушыға) хабарламаны және өзге де хабарларды, оның ішінде ұялы байланыс арқылы, интернет арқылы жіберу мақсатында пайдалана алады;

Өндірушінің (импорттаушының) өзінің тіркеу деректерін (оның ішінде дербес деректерді) өңдеуге берген келісімі мерзімсіз болып табылады.